

## СЕКЦИЯ № 5. СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ ГРАЖДАНСКОГО ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА КАК ОСНОВА УЛУЧШЕНИЯ БЛАГОСОСТОЯНИЯ ГРАЖДАН РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

*А. А. КАЛИЕВ, ҚР ИМ Б. БЕЙСЕНОВ АТЫҢДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫНДАҒЫ  
АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ПӘНДЕР КАФЕДРАСЫНЫҢ ОҚЫТУШЫСЫ*

### ҰЖЫМДЫҚ ЕҢБЕК ДАУЛАРЫНЫҢ ҚАЗІРГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Негізгі алғышарты шығындарды азайту, оның ішінде еңбек жағдайлары мен қызметкерлердің еңбекақысын ұйымдастыруда аз шығын жұмсау арқылы ең жоғары пайда алу болып табылатын нарықтық экономиканың дамуымен еңбек саласындағы келіспеушіліктер де арта түсуде. Мұндай жағдайларда штатында азын-аулақ қызметкерлері бар шағын бизнес көбінесе жүктемесі көп соттарға келіп түсетін жеке еңбек дауларымен ғана құтылады. Ал орта және ірі бизнес жұмысына көп қызметкерлерді алады, осыған байланысты ұжымдық еңбек дауы жиі кездеседі.

Ұжымдық еңбек даулары туындауының негізгі себептері болып қазіргі таңда әлі күнге дейін еңбекақыны төлемеу немесе кешіктіріп төлеу, оны индексациялау және т. б. сұрақтары қала беруде. Ереуілді реттеуші заңнаманы бұзудың кең таралғандарына келесілер жатады: жұмыс берушіге қызметкерлердің талаптарын жазбаша нысанда бағыттау туралы нормаларды орындамау; қызметкерлердің жазбаша талаптарына жұмыс берушінің жауабында өз шешімін хабарламау; ұжымдық еңбек дауы тараптары арасында бітімгерлік рәсімдерді жасамау; тараптармен бітімгерлік рәсімдер барысында қол жеткізген келісімді орындамау; ереуілді хабарлаудың мерзімі мен тәртібін сақтамау; заңсыз ереуілдерге қатысу. Осыдан кейін жұмыс беруші мен қызметкерлер арасында еңбек дауларын реттеу мәселесі пайда болады.

Жоғарыда аталғандардың айқын көрінісі Қазақстан Республикасының бірқатар өңірлерінде болған мұнайшылардың ереуілдері болып табылады. Бұқаралық ақпарат құралдарының айтуы бойынша Үкіметтің ЖІӨ-нің (Жалпы ішкі өнім) өсуі туралы жеңісті хабарламалары «Өзенмұнайгаз», «Қаражанбасмұнай» АҚ, «Ерсай Каспиан Контрактор» ЖШС өндірістік филиалдарының, сонымен қатар «Қазмұнайгаз» көмекші кәсіпорындары — «Жөндеу» ЖШС, «Круз» ЖШС, «Бұрғылау» ЖШС-нің 15 мыңға жуық мұнайшылары ереуілге наразылық акциясымен шыққан кезінде жокқа шықты. «Қаражамбасмұнай» жұмыскерлерінің 9 мамырда аштық жарялауынан басталып, 17 мамырда жаппай ереуілге айналды, мұндай тәуелсіз Қазақстанның қазіргі тарихында бұрын соңды болмағанын жағдай. Бұл жағдай өзінің етек алуымен және сатылған кәсіпорындарды ұлттандыру, жұмысшылар бақылауын енгізу және бюджеттік сала қызметкерлерінің еңбекақысын арттыру талаптарымен ТМД елдерінде, Еуропа елдерінің өзінде де резонанс тудырды деп белгілейді. Сонымен қатар, Маңғыстау облысы ішіндегі көтерілушілер де басылмады. Ақтау, Жаңаөзен, Құрықа, Шетпе және басқа да елді мекендер тұрғындары бірнеше рет әкімшілік ғимараттар алдында ереуілшілердің талаптарын қанағаттандыру талаптарымен митингілер мен пикеттер өткізді. Бұл жағдайдың үлгісін Ақтөбе, Қарағанды, Шығыс Қазақстан облыстарының тау-кен өндіру өнеркәсібінің жұмысшылары міндетті түрде қолданады, жалпы барлық ел бойынша экономиканың барлық салаларында ереуілдік толқындар басталып келе жатыр деп белгілейді<sup>1</sup>.

Жоғарыда көрсетілген елдегі болып кеткен еңбек саласындағы бой көтерулер бұл саладағы қатынастарды реттеуші нормалардың жетілмегені мен елдегі еңбек саясатының әлсіздігін көрсетеді. Бұл бас көтерулер мемлекеттің жан-жақты дамуына, саяси өмірі мен бекітілген заңдылықтарды жүзеге асыруға кері әсерін тигізеді, сонымен қатар елдегі тыныштық пен тәртіпке қол сұғады. Сол себепті азаматтардың еңбек саласындағы құқықтары мен мүдделерін қорғаудың сотқа дейінгі және соттық институттары мен механизмдерін жетілдіру өзекті мәселе болып қалмақ. Оның өзінде ел басымыз Н. Ә. Назарбаевтың 2012 жылдың 27 қаңтарындағы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту - Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Жолдауының 6-бағытында сот және құқық қорғау жүйесін жаңғыртуды белгілеп отыр. Сонымен қатар, арбитраждық және аралық сот жүйесін нығайту қажет екендігіне назар аударады<sup>2</sup>.

Бұл жұмыстың тиімділігін арттыру қажеттілігі жалпы юрисдикциялық соттарда жобамен жыл сайын келіп түсетін азаматтық істердің жалпы санындағы әрбір оныншы азаматтардың еңбек құқықтары бұзылуы жөніндегі талаптар бойынша қозғалатындығынан да айқын көрінеді. Осыған байланысты тәжірибе көрсеткендей қолданыстағы еңбек дауларын сотқа дейінгі реттеу механизмдері мен құрылымы Қазақстан Республикасының сот жүйесіне түсетін салмақты жеңілдетуді қамтамасыз етпейді.

Еңбек дауларын қарастыру жүйесі арнайы маманданған сипат алуы қажет. Мұның өзінде тараптардың алдын ала, сотқа дейінгі сатыларда бітімге келуіне барынша бағдарлану қажет. Көптеген ғалымдар соттардың арнайы мамандану тәжірибесін нормативті бекітуді, еңбек дауларын қарастыру процесін жетілдіру бойынша ұсыныстарды әзірлеуді, арнайы маманданған еңбек соттарын құру үшін іргетас қалау пікірлерін жақтайды.

Еңбек дауларын реттеудің арнайы мамандандырылған жүйесін дамыту — көптеген заңдарға үйлестірілген өзгертулер енгізуді талап ететін көлемді мәселе. Ең бастысы — шешім әзірлеуде және шешімді орындау процесінде сот және соттан тыс органдардың өзара әрекеттесуі. Бірақ бар ереже тәртібін реформалау өмірдің қажеттілігі. Шет елдерде қолданылатын арнайы мамандандырылған еңбек сот жүйесі көптеген жылдар бойы (мысалы, Францияда) толығымен өзін ақтап келеді. Олар тәжірибеде маңыздылық пен пайдалылықты әлеуметтік-құқықтық инфрақұрылымның бір маңызды институты ретінде дәлелдеді.

Жанжалды жағдайлар туындауының себептері болатын көптеген мәселелер жұмыс беруші мен қызметкер өзара қатынастарын мәдениетті құқықтық бағытқа келтіру мақсатында атқарушы билік аумақтық органдарының жедел араласуын талап етеді.

<sup>1</sup> <http://socialismkz.info/>. Забастовка нефтяников в Казахстане — прообраз будущих выступлений рабочих всех отраслей. Социалистическое Движение Казахстана. 2011 ж. 23 маусым

<sup>2</sup> Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту — Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 2012 ж. 27 қаңтар.